

Аудандық бюджеттік комиссия туралы Ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 3 қарашадағы N 225 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 қарашада N 1058 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 15 мамырдағы N 154 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012.05.15 N 154 Қаулысымен

"Бюджет жүйесі туралы" (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 261 Заңымен енгізілген мынандай толықтырулары мен өзгерістері) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Заңының 6-4-бабына сәйкес аудан бюджетін жыл сайын әзірлеу, бекітілген аудандық бюджетке оның атқарылуы барысында және бюджеттік бағдарламалар паспорттарына нақтылаулар енгізу мақсаттарында аудан әкімдігі қаулы етеді:

1. Аудандық бюджеттік комиссия туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

Аудан әкімі

А у д а н			ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	3	қ а р а ш а д а ғ ы
"Аудандық		б ю д ж е т т і к	к о м и с с и я
туралы	Е р е ж е н і	б е к і т у	ж ө н і н д е"
N	2 2 5		қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген			

Аудандық бюджеттік комиссия туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тұрақты негізде әрекет ететін аудандық бюджеттік комиссияның (одан әрі - комиссия) қызметін реттейді.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның мақсаты

3. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты аудан бюджетінің жобасын және тиісті қаржы жылына аудандық бюджеттің өзін әзірлеуді және аудандық бюджетті нақтылау мен орындау жөніндегі сапалы ұсыныстарды пысықтауды уақытылы және сапалы қамтамасыз ету болып табылады.

3. Комиссияның міндеттері мен функциялары

4. Комиссияның негізгі міндеттері:
аудандық бюджеттің негізгі болжамдық көрсеткіштерін және аудандық бюджеттің ауданның үш жылдық кезеңін әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңіне индикативтік жоспары негізінде қарастыру және а й қ ы н д а у ;

тиісті қаржы жылына аудан бюджеті жобасының көрсеткіштерін қарастыру ж ә н е а й қ ы н д а у ;

аудан бюджетінің негізгі болжамдық көрсеткіштерінің аудандық бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңіне, аудандық бюджет жобасының тиісті қаржы жылына , аумақтық экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларының, ауданда әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикативтік жоспарының кезеңге с ә й к е с т і г і н а н ы қ т а у ;

алдағы үш жылдық кезеңде аудандық бюджеттің негізгі болжамдық көрсеткіштеріне аудандық бюджет лимиттерін қосып, соның ішінде ағымдағы жылы іске асырылған жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобалар бойынша қ а р а с т ы р у ж ә н е а й қ ы н д а у ;

тиісті қаржы аудандық бюджетті нақтылау жөніндегі ұсыныстарды пысықтау ;

аудандық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру барысында мониторингтер нәтижелерін қарастыру және олар бойынша ұсыныстарды жасау болып табылады .

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге а с ы р а д ы :

1) Комиссияның жұмысшы органымен дайындалған материалдарды қ а р а с т ы р а д ы ж ә н е :

аудандық бюджеттің алдағы үш жылдық кезеңіне болжамдық көрсеткіштерін;
аудандық бюджетке түсетін түсімдерді;

аудандық бюджеттің аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қимасындағы шығыстар лимитін, соның ішінде ағымдағы жылы іске асырылған жобаларды ескере отырып, инвестициялық жобаларды;

жоспарланған қаржы жылындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылған мемлекеттік мекемелердің бюджетті бағдарламалары (шағын бағдарламасы) бойынша кредиторлық төленбеген қарыздарының үстіміздегі қаржы жылының басындағы жағдайына сәйкес өтеу көлемін айқындайды;

2) Комиссия жұмысшы органының аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік тапсырыстары бойынша тұжырымдарын қарастырады және олар бойынша шешім шығарады;

3) алдағы қаржы жылына арналған бюджет жобасын қарастырады және а й қ ы н д а й д ы ;

4) тиісті қаржы жылына арналған бюджетті нақтылайды; бюджеттік бағдарламалар паспорттарын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру қорытындылары туралы қаржы басқармасы ақпаратының негізінде бюджеттік бағдарламаларды одан әрі іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қ а р а с т ы р а д ы және шығарады ;

5) Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Комиссияның құқығы

6. Комиссия өз міндеттеріне сәйкес:

1) ауданның атқарушы және мемлекеттік органдар және ұйымдарымен өзара әрекет жасау, сондай-ақ Комиссия міндеттерін іске асыру үшін жұмысқа мамандар мен сарапшыларды жұмылдыруға;

2) өз құзырына жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау және ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

3) белгіленген заңды тәртіппен Комиссия міндеттерін іске асыруға қажетті материалдарды мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардан сұратуға және алуға ;

4) комиссия мәжілісіне бірінші басшыларды шақыруға және олар қатыспаған жағдайда Комиссия міндеттерін іске асырумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік орган мен ұйымның бірінші басшыларының міндетін атқарушы тұлғаларды тыңдауға құқылы.

5. Комиссия қызметінің тәртібі

7. Комиссия органдары :

1) комиссияның жұмысшы органы;

2) комиссия төрағасы ;

3) комиссия төрағасының орынбасары;

4) комиссияның хатшысы .

8. Комиссияның мәжілістерінің арасындағы кезеңде оның қызметін ұйымдастыру мәселелерін Комиссияның жұмысшы органы шешеді.

9. Комиссия төрағасы оның қызметін басқарады, Комиссия мәжілістерінде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің орындалуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссияның атқаратын қызметтеріне ж а у а п т ы б о л а д ы .

Комиссия төрағасы болмаған уақытта оның қызметін комиссия төрағасының о р ы н б а с а р ы а т қ а р а д ы .

10. Комиссия хатшысы Комиссия мәжілісінің күн тәртібі бойынша ұсыныстарды қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткізілген соң хаттамаларды ресімдейді.

11. Жұмыстың жоспар-кестесін Комиссия бекітеді. Аудан бюджетінің жобасын әзірлеу кезеңінде Комиссия жұмысының жоспар- кестесі аудан әкімдігі бекіткен жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу Ережесімен айқындалған мерзімге с ә й к е с а н ы қ т а л а д ы .

12. Комиссия мүшелері мәжіліске қатысу негізінде өз өкілеттіктерін басқа т ұ л ғ а л а р ғ а б е р у г е қ ұ қ ы ж о қ .

13. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен, сондай-ақ Комиссия мүшелерінен сұрақ-жауап алу жолымен қабылданады, егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе оң қабылданды деп есептеледі. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдауда тең дауыстарға ие болады. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қ а б ы л д а н д ы д е п е с е п т е л е д і .

14. Комиссия мәжілісінің күн тәртібі мәселелерін қарастыру қорытындылары әр мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері көрсетілген тиісті хаттамаларға енгізіледі және төраға айқындалған жағдайда мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелері бұрыштама соғады. Комиссия қабылдаған шешім төраға мен хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді. Комиссия мүшелері шешіммен келіспеген жағдайда мәжіліс хаттамасына қоса өзіндік ерекше пікірін жазбаша түрде б а я н д а у ғ а қ ұ қ ы б а р .

15. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында қабылданған шешімді барлық мемлекеттік органдар міндетті түрде қарауға және көрсетілген мерзімде о р ы н д а у ғ а ж а т а д ы .

16. Комиссияның жұмысшы органының функциялары ауданның қаржы б а с қ а р м а с ы н а жү к т е л е д і .

17. Жұмысшы органының функциялары Комиссия айқындаған мәжілістің мерзімдері мен күн тәртібіне сәйкес материалдарды дайындау, оларды Комиссия мүшелеріне тарату сондай-ақ нормативтік құқықтық актілер мен осы Ережеден туындайтын өзге де функциялар болып табылады.

6. Комиссия қызметінің тоқтатылуы

18. Комиссия қызметінің тоқтатылуы туралы аудан әкімдігі қаулысының қабылдануы Комиссия қызметінің тоқтатылуына негіз болып табылады.

19. Осы ереженің 18-тармағында көрсетілген Комиссия қызметінің тоқтатылуына қатысты жағдайлар туындаса, әкімге жасалған жұмыстар туралы есеп-хат жолдайды.